

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150
жы
Ахмет
БАЙТҰРСЫНОВ

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 2022

ПӘНДЕРДІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕТОДИКА И ТЕХНОЛОГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН

ӘОЖ 82

Бекбосынова, А.Х.

филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Бектемисова, А.А.

«6В01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ (ТЕҢЕУ, ЭПИТЕТ ҚОЛДАНЫСЫ)

Түйін

Мақалада Ыбырай Алтынсарин шығармаларында кездесетін теңеу мен эпитеттің қолданылу ерекшелігі, ағартушының теңеу мен эпитетті берудегі озық ойлары, олардың тәрбиелік мәні толығымен талданған. Сондай-ақ, осы тақырып аясында жазылған ғылыми еңбектерге тоқталып, ғалымдардың пікірлерін сараладық. Оларды топтарға бөліп қарастырдық.

Кілт сөздер: көркемдік ерекшелік, теңеу, эпитет, ұлттық таным.

1 Кіріспе

Ыбырай Алтынсарин шығармалары арқылы халықтың санасын оятып, көзі ашық, оқыған қазақ азаматын қалыптастырғысы келді. Осы жолдың бір тармағы – көркем шығарма. Ел жүрегіне тек педагогикалық идеясымен емес, шығармашылығы арқылы да жол таба білді. Осы арқылы көпке әсер еткісі келді. Бұл қадамы – қазіргі ұлы ақындардың қадамынан да артық қадам.

Ыбырайдың шәкірті, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілерінің негізінде бір затты, екінші бір затқа салыстыру арқылы сипаттаушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 186], – дейді.

Шығарманың көрнекі тілі жөнінде терең түсінік қалыптастырып, оның түрлі әдістерін нақтылай алғаш көрсеткен еңбек негізі А. Байтұрсынұлынан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы теңеуді «әншейін», «әдейі» деп екіге бөліп қарастырған. Жалпы, қазақ тіліндегі теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан-жақты қарастырып зерттеген филология ғылымының докторы, профессор Тұрағұл Қоңыров. Ғалым «Қазақ теңеулері» атты зерттеу кітабында теңеулерді толықтай қамтып, көптеген мағлұматтар беріп, теңеулерді 10 түрге бөледі.

«1) -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтарының көмегімен;

2) -ша, -ше жұрнағының көмегімен;

3) шығыс септігі (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен) жалғауының көмегімен;

4) секілді, сияқты, тәрізді, іспетті сөздерінің көмегімен;

- 5) бейне сөзінің көмегімен;
- 6) тең сөзінің көмегімен;
- 7) ұқсас сөзінің көмегімен;
- 8) параллелизм тәсілі көмегімен;
- 9) аралас тәсілдің (бейне және -дай,-дей; бейне және секілді) көмегімен;
- 10) қосалқы тәсілдер көмегімен;» [2, 8].

Осы еңбектен ғалымның осы салада ерекше еңбек сіңіргенін байқаймыз. Десек те, ғалым көрсетіп берген жұрнақтар мен бірнеше сөздер арқылы ғана көбінесе теңеулер жасалынады. Яғни, үлес салмағының бірдей еместігін байқаймыз. *Тең, ұқсас, бейне* сөздерімен жасалған теңеулерді ауық-ауық кездестіреміз.

Осы синтаксистік құрылымы, функционалдық топтары жөнінде жасалған теңеулерден бөлек басқалай аталатындары да бар. Оны біз А.Х.Бекбосынованың «С.Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты кандидаттық диссертациясында теңеулерді бөліп қарастырғанынан біле аламыз. *Этномаркерлі, прецеденттік, сентенция, сенсорлық-перцептивтік, тұрақты, семантика-стилистикалық, метафоралық және эпитеттік, метонимиялық және синекдохалық, гиперболалық және литоталық, градациялық, синонимдік және антонимдік теңеулер* жайлы хабардар болдық.

Бекбосынова А.Х. Сырбай ақынның шығармашылық лабораториясына дендей еніп, теңеулерді топтастырған. «Әр ұлттың тілі мен діліндегі ұлттық ерекшелігі де осы теңеуден көрінеді. Әр ұлттың өз танымына жақын сөздерді қолдануы заңды да. Себебі тіл иесінің ой-өрісі мен концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние-ғаламның үзіктерін өзінше жеткізіп, бейнелеп суреттейді және ол өз тіліндегі ғалам бейнесіне сай болады» [3, 11].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында жалпы теориялық әдіс, баяндау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Ғалымдардың еңбектеріне тоқталып, ағартушының өлеңдерінде берілген теңеу мен эпитеттерді салыстырып, рет-ретімен жүйеледік. Сәйкесінше, бұл мағлұматтарды талдау әдісі арқылы мазмұны мен пішіні жағынан ерекшеліктерін анықтадық.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында теңеу молынан кездеседі. «Сөз басы» өлеңінде:

«Надандықтың белгісі –

Еш ақылға жарымас.

Жайылып жүрген **хайуандай**

Ақ, қараны танымас [4, 6]», – дейді. Надан адамның ақылы кем екенін, жайылып жүрген жануардай ақ-қараны айырмайтын, санасы жоқ екенін айтады. Ал, «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде:

«Адамды **құстай** ұшырды,

Мал істейтін жұмысты

От пен суға түсірді.

Теңізде жүзді **балықтай**,

Дүниені кездік жалықпай.

Желкілдеп шыққан **көк шөптей**,

Жаңаөспірім достарым [4, 8]», – деп өнер-білімнің адамзатты қандай дәрежеге жеткізетінін, өркениетті елдің технологиясы қаншалықты дәрежеде дамитынын сол кезде айтып кеткен. Қиыннан қиыстырып, көркемдік қуатын күшейтіп жазған осы бір өлең әлі де болса өзінің өзектілігін жоймаған өлең десе болады.

Ыбырай шығармаларында ата-ананы құрметтеу керектігі жақсы қамтылған. Мәселен, «Бұл кім?» өлеңінде:

«Аялы қолда талпынтқан,

Қаймақты сүттей қалқытқан.

Суық болса жөргегін,

Қорғасын оқтай балқытқан.

Айналасына ас қойып,

Изені **көлдей** шалқытқан» [4, 9]», – деген өлеңінде ананың құдіретін шынайы келтіре білген, сендіре білген. Ананың аялы алақаны баланы кілегейі толы, бетіне қаймағы шығып тұрған сүттей қалқытуы, астындағы жаялығы яки жөргегі суық болса, қорғасыннан оқ жасаған сәттегідей ып-ыстық етіп балқытуы, бәрі-бәрі ананың балаға деген махаббатын анық, айқын көрсетіп тұрғандай.

Ақын өлеңдерінің дені – өсиет өлеңдер. «Береке кеткен елдерде» атты өлеңінде берекесі кетіп, іргесі сөгілген елде «**Алатаудай** атаға, ұл қышқырса керек-ті» деп келтіреді. Шынында берекесі жоқ елде өзінен жасы үлкен, абыройы мол ақсақал мен қарияларға жас балалардың қырын қарап, қыңыр сөйлейтіні анық.

Ыбырай ақын – табиғат жыршысы. «Жаз», «Өзен» өлеңдерінде табиғатты суреттеп, әспеттеп жазады. Мәселен:

«Ұйқыдан көзін ашқан **жас балаша**,

Жайқалып шыға келер жердің гүлі [4, 18]», – деп жердің гүлін тәтті ұйқысынан еркелеп енді оянған жас балаға теңейді. Сәуірде Жер-Ана бусанып, бар тіршілікке жан бітіп, бойға нәр жинап енді оянған даланы ұйқысынан оянған жас балаға елестетеді.

«Адамзат нәр ауасын **судай** жұтар,

Жетпеген үлкендікке жас балалар,

Шөл тартқан **айуандарша** құмарланып.

Жүгірер ойдан-қырға жұмарланып.. [4, 18]», – деп келтіруінің өзінде де бір мән бар. Осы бусанған табиғаттың ауасы жанға шипа, дертке ем. Шипалы ауаны су ішкендей сіміріп, шөл тартқан айуандарша деп төрт түліктің төресі түйені меңзеген сыңайлы. Ал, енді «Өзен» деген өлеңінде:

«Таулардан өзен ағар сарқыраған,

Айнадай сәуле беріп жарқыраған [4, 20]», – деп таудан бастау алған тұмса бұлақ айнадай жарқырап, нұрланып тұратынын жазады. Сол өзеннің суынан «өксiген оттай жанып жануарлар» рақат тауып, жан сарайлары ашылып, сусауы басылады.

Ыбырай ақын И. Крыловтың мысал өлеңдерін тәржімалағаны мәлім. Көбіне-көп қазақ жағдайына, тұрмысына лайықтап, елеп-екшеп аударған. «Қайырымды түлкі» атты өлең:

«Бір мерген **бозша** құсты атып алды,

Қоймады өлтіріп-ақ жалғыз жанды» [4, 22]», – деп басталады. Құстың түсіне дейін теңеп келтірген ақынның көркемдік құралды орынды пайдаланғанын көруге болады.

Теңеуді жалғаусыз, әртүрлі көмекші сөздермен де келтіруге болады. Сондай сөздің бірі – «бейне» сөзі. И. Крыловтан аударған «Егіннің бастары» атты өлеңінде:

«Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,

Бейне бір жалғыз өзін көпке санап [4, 24]», – деп жалғыз өзі басын көтеріп тұрған бидайдың әрекетін өткір тілімен турап өтеді.

Ыбырайдың тағы бір аудармасы «Қарға мен түлкі» өлеңінде:

«Мақтау сөзге семіріп **судай** тасып,

Пәрменінше «қарқ!» етті ауызын ашып [4, 25]», – деп қарғаның мақтау сөзге судай тасығанын, лепіргенін тап-тұйнақтай етіп келтіреді.

Джули Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде: «Дәстүрлі әдеби троптар (кұбылту) сөздің әдеттегі мағынасын толықтыру немесе ауыстыру арқылы оның мазмұнын байытады. Милтонның «Жоғалған жұмақ» поэмасының бірінші кітабында періштелерді Флоренцияның оңтүстігіндегі Валломброза маңындағы бұлақтың бетіне төгілген жапырақтармен салыстыратын керемет теңеу бар. Мұндай теңеулер, дәлірек айтсақ, мәтін ішіндегі салыстырулар, өлең жолдарындағы көркем кестеленген сәнді өрнекті еске түсі-реді. Сайтан өзінің бүкіл әскерін жинап алып, жер бетіне жіберген сәтінен бастап **теңеулер** басталады» [5, 40], – деп дәлме-дәл анықтама берген болатын.

Көркемдегіш құралдың бір түрі – эпитет. «Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» [6, 145].

Эпитет арқылы автордың ғұмырды, табиғатты, әлемді білуін, алғырлық, байқампаздық, суреткерлік қабілеті шындалғанын біле аламыз. Профессор Рабиға Сыздық: «Эпитет – адамның, заттың, құбылыстың, бір белгісін, сырын, сипатын, қасиетін атап көрсететін сөз, бірақ осы қызметте келетін жай анықтауыш сөзден эпитеттің айырмасы бар. Жай анықтауыш заттың, құбылыстың, адамның өзіне тән қалыпты сынын (белгісін, қасиетін, түрін, түсін т.б.) білдірсе, эпитет өзі атайтын белгіні бейнелеп көрсетеді, өйткені бұл белгі сол заттың, адамның, құбылыстың, табиғи қалыпты белгісі емес» [7, 87], – дейді. Есіркепова К.Қ: «Эпитет – тіл өрнегіндегі өте жиі көрінетін әрі бояу ерекшелігі де құбыла құлпырып келетін құбылыс» [8, 85], – деп атап өтеді.

Көбіне, көп ақын шығармашылығын зерттеген кезде, эпитетті көзге іле бермейді. Алайда ақынның өмірге деген көзқарасын, суреткерлік қырын осы бір көркемдегіш құрал арқылы біле аламыз. Ыбырай шығармашылығындағы эпитеттерді «ұлттық таным», «заттың түр-түсі», «кісінің кескін-келбеті, бітім-болмысы» деп топтарға бөлген болатынбыз.

Ұлттық танымды білдіретін эпитеттер: Иманды ер («Өсиет өлеңдер»), әзіз ер («Өсиет өлеңдер»), Алатаудай ата («Береке кеткен елдерде»).

Затты әр қырынан көрсететін эпитеттер: Сиса көйлек («Сөз басы»), аяңшыл ат («Сөз басы»), кірлі көйлек («Бұл кім?»), асқар тау («Өсиет өлеңдер»), арық мал («Өсиет өлеңдер»), жаман айғақ («Әй, достарым»), рақмет туы («Жаз»), нұрдың буы («Жаз»), жердің гүлі («Жаз»), жаңбырлы күн («Жаз»), нәр ауа («Жаз»), хош иіс («Жаз»), қызыл алтын («Жаз»), боз үй («Жаз»), көк шалғын («Өзен»), әділ қазы («Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз»), жалғыз қарға («Қарға мен түлкі»).

Кісінің кескін-келбетін, бітім-болмысын бейнелейтін эпитеттер: Есті бала («Сөз басы»), есер бала («Сөз басы»), Кәріп көңіл («Өсиет өлеңдер»), есіл көңіл («Өсиет өлеңдер»), қасы қара («Әй, жігіттер!»), қызыл жүзді («Әй, жігіттер!»), қамқор ана («Ананың сүюі»), жалғыз жан («Қайырымды түлкі»), сар мойын («Қайырымды түлкі»).

5 Қорытынды

Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы теңеу мен эпитеттер ойды көркем әрі бейнелі жеткізудің ең бір тиімді тәсілі ретінде қолданылған. Сонымен қатар, ақынның өзіндік қолтаңбасын аңғартуға да қызмет еткен. Теңеулердің басым көпшілігі негізінен: 1) *-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін* жұрнақтарының көмегімен; 2) *-ша, -ше* жұрнағының көмегімен жасалған. Ал эпитеттерге келсек, ағартушының эпитеттерді беруінің ерекшелігіне байланысты жоғарыда үш түрге бөліп қарастырған болатынбыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Алаш»: – 2003, – 407 бет.
2. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 бет.
3. Бекбосынова А.Х., Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу. – Қостанай. ЖСШ «Центрум», 2014. – 152 бет.
4. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар. – Алматы: Раритет, 2008. – 208 бет. – «Балалар әдебиетінің алтын қоры» сериясы.
5. Әдебиет теориясы: Антология. 1-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 568 бет.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. –170 бет.
7. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Зият Пресс, 2004. – 64 бет.
8. Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бақтыгереева, К. Ахметова шығармалары негізінде). – Қостанай. ТОО «Центрум», 2010. – 153 бет.

Материал редакцияға түсті: 15.06.2022

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БЕКТЕМИСОВА, А.А.

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И. АЛТЫНСАРИНА
(ПРИМЕНЕНИЯ СРАВНЕНИЙ, ЭПИТЕТОВ)**

В статье подробно проанализированы особенности употребления сравнений и эпитетов, встречающихся в произведениях И. Алтынсарина, передовые мысли просветителя, их воспитательное значение. Также остановились на научных трудах, написанных в рамках этой темы, проанализировав мнения ученых. Разобрали их на группы.

Ключевые слова: художественная особенность, сравнение, эпитет, национальное познание.

BEKBOSSYNOVA, A.H., BEKTEMISOVA, A.A.

**ARTISTIC FEATURES OF THE WORKS OF I. ALTYSARIN
(THE USE OF COMPARISONS, EPITHETS)**

The article analyzes in detail the features of the use of comparisons and epithets found in the works of I. Altynsarin, the advanced thoughts of the educator, their educational significance. We also focused on scientific works written within the framework of this topic, analyzing the opinions of scientists. We sorted them into groups.

Key words: artistic feature, comparison, epithet, national cognition.

ӘОЖ 811/811.879

Божекенова, Ж.Т.

биология магистрі,
жаратылыстану ғылымдары пәндері
кафедрасының аға оқытушысы

Кожмухаметова, А.С.

жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
жаратылыстану ғылымдары пәндері
кафедрасының аға оқытушысы,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтурсынов атындағы,
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан

**«ЦИТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГИСТОЛОГИЯ» ПӘНІНІҢ МЫСАЛЫНДА ОҚУ ҮРДІСІНДЕ
CLIL ҚОС ТІЛДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

Түйін

Мақалада CLIL технологиясын қолданудың артықшылықтары мен қиындықтары туралы айтылады. Бұл технологияны оқу процесіне енгізудің негізгі теориялық ережелері, әдістемелік принциптері мен үлгілері, сонымен қатар оны «Цитология және гистология» пәнін оқыту кезінде қолдану мысалдары келтірілген.

Кілт сөздер: CLIL технологиялары, пән мазмұны, тілдік мазмұн, лингвистикалық және коммуникативті құзыреттер.

1 Кіріспе

Бүгінгі таңда қазіргі қоғамда ұлтаралық және мәдениетаралық кеңістікте заманауи тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері өте өзекті, сонымен бірге екінші тілді меңгеру кәсіби білім мен мүмкіндіктерді кеңейту құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты тілдерді оқытудың жаңа білім беру технологиялары пайда болуда.

Осы технологиялардың бірі CLIL шет тілін пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту болып табылады (Content and Language Integrated Learning). CLIL екінші тілді үйренуді басқа